

Қазақстан Республикасы, тәуелсіз мемлекеттер достастығы және Балтық елдері арасында аса маңызды өнім түрлерін экспорттау мен импорттауды қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 желтоқсан 1993 ж. N 1257

Сауда-экономикалық ынтымақтастығы туралы үкіметаралық келісімдер бойынша мемлекеттік маңызы бар өнімдерді беріп тұруды қоса алғанда 1994 жылы Қазақстан Республикасы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және Балтық елдері арасында өндірістік-техникалық мақсаттағы аса маңызды өнімдер мен тауарлар түрлерін сатып алу мен сатуды қамтамасыз ету, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 30 шілдедегі N 1311 Жарлығына сәйкес тауарларды экспорттау мен импорттау саласындағы бақылауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі жеткізген квоталар шегінде мемлекет мұқтажына арналған келісілген номенклатура бойынша мемлекеттік маңызы бар өнімдерді қоса алғанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және Балтық елдерімен аса маңызды өнімдер мен тауарлар түрлерін сатып алу мен сату жөніндегі экспорттық-импорттық операцияларды "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясы жүзеге асыратын болып белгіленсін.

Белгіленген квоталар шарттарды (контрактілерді) жасау үшін негізге алынады және өндіруші кәсіпорындардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі белгіленген тәртіппен "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясына өндірістік-техникалық мақсаттағы аса маңызды өнімдер түрлерінің экспорты мен импортына қатысты сыртқы сауда қызметінің құқығын беру туралы мәселені қарайтын болсын.

3. "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясына:

үкіметаралық келісімдер бойынша көзделген квоталар көлемінде мемлекеттік маңызы бар өнімдері беріп тұруға өндіруші кәсіпорындармен және делдал ұйымдармен шарттар (контрактілер) жасау, сондай-ақ аса маңызды өнімдер мен тауарлар түрлерін сатып алу жөнінде, соның ішінде өзара байланыс негізінде де Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен Балтық елдерінің контракт жасаушы ұйымдарымен шарттар (контрактілер) жасасуды ұйымдастыру;

аса маңызды өнімдер түрлерін, соның ішінде мемлекеттік маңызы бар өнімдері

экспорттау мен қайтадан экспорттау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен келісу бойынша жекелеген өндірістердің (бағыттардың) мемлекеттік мұқтажы мен оларды мемлекет тарапынан қолдауды қамтамасыз ету үшін шикізатты, жабдықтарды, қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы бұйымдарды, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді импорттауды жүзеге асыру жүктелсін.

4. "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясы үкіметаралық келісімдерде көзделген мемлекеттік маңызы бар өнімдерді өзара беріп тұруды орындау үшін жауапкершілікті мойнына алатын және оның жүзеге асырылуының барысы туралы ай сайын Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық байланыстар министрлігін хабардар етіп тұратын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі үкіметаралық келісімдердің орындалуы туралы тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне жиынтық ақпарат түсіріп тұрады және орайы келген ретте үкіметтің шешімдерін қажет ететін ұсыныстар енгізіп отырады.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігін қатыстыра отырып, үкіметаралық келісімдер бойынша мемлекеттік маңызы бар өнімдерді сатып алу мен өткізу үшін "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясына қолданылып жүрген проценттік ставка бойынша орталықтандырылған кредиттік ресурстар бөлу мүмкіндігін қарастырсын.

6. "КРАМДС" Ұлттық акционерлік компаниясының құрамына кіргізілген өндіруші кәсіпорындар шығаратын ресурстардың, өнімдердің аса маңызды түрлерімен қамтамасыз ету жөнінен экспорт-импорт операцияларын жүзеге асырудың осы қаулыда көзделген тәртібі толық көлемінде "КРАМДС-Снабсбыт" акционерлік компаниясы қолданылатын болып белгіленсін; <*>

Ескерту. 6 тармақ толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1994.01.31. N 115 қаулысымен.

(7-тармақ) <*> .

Ескерту. 7 тармақ күшін жойды - ҚР Кабинет Министрінің 1994 ж. 26 сәуірдегі N 435 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мемлекет мұқтажы үшін белгіленген квоталар есебіне өнімдер мен тауарларды экспортқа жөнелту жөнінде өздеріне міндеттемелер алған жағдайда жөнелтуші кәсіпорындарға экспорттық лицензиялардың берілуін жүзеге асырсын және жөнелтілімдердің нақты орындалуына қарай олардың берілуін ай сайын реттеп отырсын. <*>

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Кабинет Министрінің 1994 ж. 31 қаңтардағы N 115 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ